



«Күз сыйы» күзгі жәрмеңке

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасында «Күз сыйы» атты күзгі жәрмеңке ұйымдастырылды.

Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, табиғат байлығын танып – білуге қызығушылығын арттыру және ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізу.

Жәрмеңке барысында әр топ өз қиялдары мен еңбектерін көрсете отырып, жемістер мен көкөністерден жасалған ерекше киім үлгілерін дайындады. Сонымен қатар, ата – аналар фитосусындар, көкөністерден, жемістерден, ұн өнімдерінен әзірленген түрлі дәмдер ұсынып, жәрмеңкенің көркін ашты.

№9 «Балапан» ортаңғы тобының тәрбиеленушілері “Құлпынайлар” тақырыбында киініп, балалар мерекелік көңіл күймен өнер көрсетті. Топтың аналары өз қолдарымен дайындаған ұннан жасалған тағамдарды жәрмеңкеге ұсынып, шараның мазмұнын ашты.

Жәрмеңке жоғары деңгейде өтіп, балалар мен ата-аналарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Белсене қатысқан әрбір топтың тәрбиеленушілері мен ата – аналары мадақтама, алғыс хаттармен марапатталды.